

Аңдатпа

Дипломдық жобада қарастырылатын негізгі мәселе – медициналық мекеменің жұмысын электронды күйге келтіру арқылы дәрігер ісін жылдамдату. Пациент туралы мәліметтерді деректер қорында сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүзеге асады. Сонымен қатар тіркеу кезінде пациент туралы деректерді қате енгізу мәселесін шешу. Бұл мәселелер заманауи технологияны пайдалану арқылы жүзеге асады. Соның ішінде бәкенд жағында веб-сервер құру Java тілінің мүмкіндіктерін қолданыла отырып жүзеге асады.

Жобаны жүзеге асырғандағы экономикалық тиімділік есептеле отырып, пайда мен шығын есептеледі.

Қызметкерлердің жобамен жұмыс істеу кезінде тіршілік қауіпсіздігі қамтамасыз етіле отырып, жұмыс істеу тиімді және қауіпсіз жақтары қарастырылады.

Қызметкерлердің жобамен жұмыс істеу тәртібі айтыла отырып, жұмыс істеудің дәстүрлі түрін алмастыра алатын заманауи әдістері көрсетіледі.